

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 қыркүйектегі N 1328 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 29, 27-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі штат санының лимиті оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, 636 бірлік санында бекітілсін.";

6-тармақтағы "Қосымшаға" деген сөз "1-қосымшаға" деген сөзбен және осы қаулының қосымшасында "қосымша" деген сөздің алдынан "1-" деген санмен толықтырылсын;

осы қаулының қосымшасына сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

9

қыркүйектегі

N 1328

қаулысына

қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2002

жылғы

11

қыркүйектегі

N 993

қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің санын ескере отырып штат санының лимиті

Атауы	Штат санының лимиті
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесі оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	636
	329

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	
Ақпаратты техникалық қорғау орталығы	14
Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы	8
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі	307

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК